

Жұлдызнама



9 тамыз - 16 тамыз

Тоқты. Тоқтылар сөзімге берілгіш. Көңіліңізді жабырқататын әуенді тыңдаудан аулақ болыңыз. Егер көңіліңізді сергіткіңіз келсе, бір сәт балалық шаққа саяхат жасап, достармен кездесіңіз.

Торпақ. Торпақтардың жауапкершілігі мол жұмыстары жетіп жатыр. Оның барлығына сабырмен ғана қол жеткізуге болады. Ашуға берілмеңіз.

Егіздер. Аптаның соңғы күнінде өмірлік серігіңізді жолықтыратын тамаша сәт туады. Егер отбасылы болсаңыз, сүйінші хабар келеді.

Шаян. Соңғы қаржыңызды жұмсап, енді не істеймін деп қамықпаңыз. "Жүргенге жергем ілігер" дейді. Бір жерде отырып қалмаңыз.

Арыстан. Сізге көп уәде бергіш адамдардан сақтанып жүр деген болжам айтады жұлдыздар. Әсіресе ақшаныңызды мұқият сақтаңыз. Сатушылардың да алдамшылары болады.

Бикеш. Жаздың кейбір жайсыз, аптап ыстықтары тамызда да сақталады. Күн көзінде ашық жүре бермеңіз. Сақтансаң - сақтайды.

Таразы. Ойы орайлас, тілегі бір адамдармен ғана араласыңыз. Аптаның ортасында үйіңізге кіріп, материалдық жағдайыңызды үстемелеуге қолайлы жағдай туады.

Сарышаян. Әр істің өз шегі болады. Бастаған ісіңіз сәтпен бітіп, өз қолыңыздан шыққан дүниеге қарап, шаршаған сәттеріңіз есіңізден де шығып кетеді.

Мерген. Мергендердің де отбасына күтпеген жаңалық, сүйінші хабарлар келіп, ақаршақар қуанышқа көнеледі. Шығармашылықпен айналысатын мергендерге ізденіс керек.

Тауешкі. Тауешкілердің арманы биік. Ол барлық жетістікке жалғыз өзі жетеді. Еркіндікті сүйетін бұл жұлдыздағылардың ісі орайымен бітеді.

Суқұйғыш. Көңілі қалған адамға қайта қайырылмайтын бұл жұлдыздағылар өкпешіл. Оның түк те пайдасы жоқ. Алта басында туыстармен сөзге көпуден сақтаныңыз.

Балықтар. Өткенді айтып еске алуға болады, бірақ оның орнына келмейтінін айтып өкінбеңіз. Өкініш те уайымның бір түрі.

Спортшыларымыз жүлдегер

Жуырда Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен Бала би баба атындағы қазақ күресінен 2000-2001



жылдары туылған жасөспірімдер арасында республикалық турнир өткізілді. Облыс құрамасында ауданымыздан аттанған спортшыларымыз бәсекеде жеңіс тұғырынан көрініп, Б.Қасымханұлы 38 келі салмақта I-орын, 42 келіде сайысқа түскен Н.Дәріпбек те I, және 46 келі салмақ бойынша белдескен С.Мұбарак II-орынды иеленді.

Жалпы 8 облыстан бақ сынасқан сайыскерлердің арасында Айыркөлпек ағайындарымыз бен Тәжік мемлекеті де өнер көрсетті.

А.СЕРАЛИЕВ,
аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы.

Ой қосыңыз, оқырман!

«Сөз мәйегі - мақал» дейді халық даналығы. Ертеден құлаққа сіңісті болған мақал-мәтелдерді мән-мағынасын бұзып айта беретін болдық қазір. Бірде көпшілік бас қосқан жиында имандылық жөнінде біраз илән өсиеттер айтып, жұртты ұйытып отырған жігіттің «Жауынмен жер көгереді, дұғамен ер көгереді» деген сөзіне отырғандардың ішінде бір кісі «осындай мақал бар ма еді?» - деп қалды. Сол, сол-ақ өкен «дастарқан басына «дұға» мен «бата» бір ғой онда тұрған не бар», - деді орта жастағы әйел адам. Әп-сәтте мағынасы майысқан мақалды бірі дұрыс, бірі бұрыс деп барып тоқтады.

Шындығында дұрыс «батаменен ер көгереді» емес пе? Қазақта жақсылық іс басталарда, ас қайығанда, жолға шығарда, шілдехана тойларда бата беріңіз дейді. «Дұға беріңіз» деп айтқанды естідіңіз бе? Сіз қандай ой қосасыз, оқырман.

ДҰРЫСЫ: САЛАУАТ

емес, САЛАМАТ

Қазақ өткенге салауат айтады. Күнделікті өмірде бір-бірімізбен аман-дық сұрасқанда алдымен «Саламатсың ба», келген қонақты шығарып салғанда «Сау саламат та болыңыз» дейміз. Елімізде «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы қабылданды. Осыған орай жер-жерлерде орталықтар ашылды. Бір әттегенайы мекеменің атын «Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» деп жазып жүрміз. Бұл жөнінде республикалық «Ана тілі» газетінде де «салауат» пен «саламат» сөзінің мағынасын ашып, дұрыс қолдану жөнінде мәселе қозғалған болатын.

Ал енді «салауатсыз ба» немесе «сау салауатта болыңыз» деп көріңізші қалай естіледі өкен. Сөздің де өз жүйесі бар. Олай болса, сөздің мән-мағынасын шатастырып, жүйесін бұзбайықшы.

Эльмира ЖАМАШОВА
"Алғабас".

Күнәнің ең үлкені - ата-ананы сыұламау

Бұл дүниеде өрбіріміздің бірінші кезектегі жақсылық жасауға лайықты адамдарымыз, ол - ата-анамыз. Асыл дініміз де ата-анаға құрмет көрсетуді, жақсылық жасауды бұйырады.

Көз келген адам ата-анаға қатысты қарапайым едептерді білуі тиіс. Мұсылман адам әрдайым ата-анасына бағына біліп, оларға қарайласуды ұмытпағандары ләзім. Ата-анаға жақсылық жасауға байланысты аяттар мен хадистерде «Адам баласына әкешешеге жақсылық істеуді өсиет қылдық» дейді. Мұның өзі ата-ананы құрметтеудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Ата-ананың екеуі де қартайса, ол екеуіне зекіме, екеуіне сыпайы сөйле. Пайғамбарымыз /с.ғ.с/ қартайған өке-шешесінің ризалығын алуға тырыспаған, олардың қажетінде болмаған перзент жайында былай дейді: «Өке-шешенің қартайғанын көріп Жаннатқа кірмеген адам қор болсын, қор болсын және қор болсын» Сол үшін дінімізде ата-ананың ашуын келтіретін істердің барлығы күнә.

Бір күні Алланың өлшісі /с.ғ.с/ «Күнәлардың ең үлкені қайсы екенін айтайын ба?» - дегенде, сахабалар: «Иә, бізге қайсылары екенін үйрет» дейді. Сонда Пайғамбарымыз: ата-анаға қарсы шығу, өтірік айту, нақақтан кісі өлтіру» деп айтқан.

Ата-ананың алдында дауыс көтермеу, алдына шығып жүрмеу, оларды дастарқанда төрге шығару, ас ішерде олардан бұрын қол


созбау, оларға деген құрметтің бір парасы ғана.

Бірде Алла Елшісіне бір кісі келді де: «Уа, Пайғамбарым адамдардың ішінде бірінші жақсылық жасауыма кім лайықты?», - деп сұрайды. Сонда Мұхаммед /с.ғ.с/ «Сенің анаң», - дейді. «Екінші кім лайықты?», - дейді. «Сенің анаң» - дейді. Өлгі адам үшінші рет тағы сұрайды. Тағы да «Сенің анаң» - деген жауап алады. Төртінші рет сұрағанда «Сенің өкең» деп жауап беріпті.

Осы орайда қазақта «ата-ананың қарғысына ұшыраған оңбайды» деген сөздің бар екендігін ұмытпайық.

А.ДОСБОЛАЕВ,
Ақбастау ауылының имамы.

Сөзжұмбақ



Сұрағы: көлденеңінен

1. Тақ тұяқты жануар.
5. Өзірейіл періште.
8. Келбет, көрік.
9. Ала домбай.
10. Норвег драмматургі.
13. Геометриялық термин.
15. Болгар тарихшысы.
17. Жол бойындағы өсімдік.
18. Қазақстандық кәсіпқой боксер.
20. ... аңдамайды.
21. Бекініс.
22. Американ астрономы.
23. Ұлттық ойын.
26. Қыз есімі.
27. Алып қашты сөз.

Тігінен:

1. Үйректің еркегі.

2. Түгін салығы.
3. Ауылшаруашылық құралы.
4. Мешіт.
5. Тығыршықтай.
6. Теңіз тынысы.
7. Грек философы.
11. Өтірікші.
12. Иран қаласы.
14. Қылы көз.
16. Ресей қаласы.
18. Мөлшерлі ақша.
19. Шипалы су.
24. Бір жылдық өсімдік.
25. Ортақ үй.

Құрастырған:
Адырбек НҮРБЕКҰЛЫ.
Шақпақ ауылы.

Табиғат - талбесік

Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау мемлекеттік мекемесіне қарасты жер Бейдібек ауданының Екпінді елдімекенімен шектеседі. Көрші екі аудан шаруа қожалықтарының шабындық, өгістік жерлеріне келетін қауіп те бір. Мекемедегі табиғатты қорғау қорықшылары тілсіз жаудың орын алмауын қатаң қадағалайды. Біз өзімізге белінген аумақты қарауылдап, қадағалау жөніндегі кәсіби міндетімізді жауапкершілікпен атқарудамыз.

Бір тал шырпы табиғат ананы қызыл жалынға орап, әп-сәтте күл өтеді. Өрттен көлетін шығынның орнын толтыру бір-екі жылда біте қоймайды. Өйткені, жиыңыл, қара ағаш, жүзім, жиде, қараталды аз ғана мерзімде қалпына келтіру, өсіру оңай шаруа емес. Міне сондықтан Бейдібек ауданының төл басылымы «Алғабас» газеті арқылы тұрғындарға қауіп-қатерден сақтану өз қолымызда екенін ескертіміз келеді. Талбесігіміз табиғатты қорғау, өрбіріміздің парызымыз екенін ұмытпайық.

Бердалы КАДЕЕВ,
«Бадам» орман және жануарлар әлемін қорғау мемлекеттік мекемесі Ордабасы орманшылығының қорықшысы.



Бейдібек ауданы
акімдігінің
«Алғабас» газеті
жауапкершілігі
шектелуі
серіктестігі



Редактор
Бағдат ҚАЛАУБАЙ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
160200 Шаян ауылы,
Т.Тасболатұлы көшесі,
№ 1 үй.
Телефон: редактор
2-18-01
Тілшілер: 2-20-35,
49-162.

Материалдар
«Алғабас» газеті
редакциясындағы
компьютер орта-
лығында беттеліп,
«ERNUR-print» жауап-
кершілігі шектеулі
серіктестігінің
баспаханасында
дайын үлгіде
офсеттік тәсілмен
басылды.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2003 жылғы 10 сәуірде тіркеліп, оған №3730-Г куәлігі берілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық әділет департаменті Бейдібек аудандық әділет басқармасында қайта тіркеуден өткізіліп, 2013 жылғы 17 тамызда 404-1958-02-ЖШС анықтамасы берілген.

Беттеушілер:
Мария БҮРХАНБЕКҚЫЗЫ.
Жанар ЕРБОЛҒАНОВА.

Кезекті:
Дана
МЕДЖУОВА.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы оңдалады және кері қайтарылмайды.

ИНДЕКС: 66831,
жылына 52 рет
шығады.
Баспахананың
мекен-жайы:
Шымкент қаласы,
Т.Әлімқұлов
көшесі,
№22 үй.
Тапсырыс №1960

Таралымы 3900

Біздің электронды поштамыз: e-mail: algabas-shayan@mail.ru



1935 жылдан
шыға бастады

№32 (9088) жұма 7 тамыз 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси апталық газет

Алғабас

Ақпараттық - насихаттық топ іссапарда



НАҚАД

Қазақстан Республикасы Президентінің институционалды реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы басты ұстанымдарды тұрғындар арасында түсіндіру, насихаттау жұмыстарын жүргізу мақсатында аудан әкімдігі жанынан құрылған ақпараттық-насихаттық топ ауыл округтеріне іссапарға шығуда.

Жамбыл ауыл әкімдігінің орталығындағы Мәдениет үйінде мемлекеттік қызметкерлер мен қоғамдық ұйым өкілдерінің және мекеме басшыларының қатысуында өткен кездесуде аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ө.Алдамжаров «Республика Президенті, Ұлт Көшбасшысы

Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалды реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамы турасында лекция оқыды.

Жасалған баяндама бойынша пікір алысуға Жамбыл атындағы орта мектебінің ұстазы Н.Бірлесов, «Айсұлу» балабақшасының директоры Ж.Тұрлыбекова шығып, Елбасы белгілеген бағыттар бойынша ойларын ортаға салды. Бұл басқосуға аудандық ішкі істер бөлімі басшысының орынбасары, полиция подполковнигі С.Сағымбаев қатысты.

xxx

Елбасы ұсынған реформаны жұртшылық өкілдері арасында талқылауға арнал-

ған осындай басқосу Көктерек ауыл атырабында да өтті. Мемлекеттік қызметкерлермен бірге білім және жұмыспен қамту салаларының қызметкерлері қатысқан бұл басқосуға аудан әкімі аппараты персоналды басқару бөлімшесінің басшысы Б.Жанғазиев, аудандық білім бөлімінің бас маманы А.Атемов қатысып, көпшілікпен пікір бөлісті.

Аудан әкімдігі жанынан құрылған ақпараттық-насихаттық топтың жер-жерлерде жұртшылық өкілдерімен кездесулері одан әрі жалғасуда.

ЕҢБЕК БЕЛЕСІНДЕ



Елбасымыздың «100 нақты қадам - Ұлт жоспарының» III. Индустрияландыру және экономикалық өсім бөлімінің 35, 36-қадамдары ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдаланудың жолдарын сараптауға арналған. Қазір біздің ауданымызда осы талап тұрғысында көптеген жұмыстар жүріп жатыр. Шаруалар арасында өздерінің тиімелді жерлерін тиімді пайдаланып, жоғары өнімділікке қол жеткізуді басты мақсат санап, еңбек етіп жатқан майталмандар аз емес.

Солардың қатарында Мыңбұлақ ауыл әкімдігінің «Нұра» ауылының тұрғыны, «Елдос» шаруа қожалығының басшысы Өбілқасым Нұрманның есімін құрметпен

айтуға болады. Ол биылғы жылы 15 гектарға мақта, 5 гектарға қарбыз, 5 гектарға жүгері, 5 гектарға жоңышқа еккен болатын. Мақта, қарбыз, жүгері сияқты түрлі күтім мен баптауды керек ететін дақылдардан мол өнім алу үшін күндіз-түні дегендей тынымсыз еңбек керек. Бұл істің солай екенін жете білетін кәсіпкердің ерте көктемнен күні бүгінге дейін қолынан кетпегені түскен емес. Еңбектің жемісін көретін науқан да басталып кетті. Ісің оңынан оңғарылсын дейміз шаруагер азаматқа.

Суретте: кәсіпкер Өбілқасым Нұрман.
Суретті түсірген: М.КӘТТЕБЕКҰЛЫ.

Денсаулық жолы - 2015 акциясы

ОҚО Денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен Бәйдібек ауданының шалғай ауылдарында 10-14 тамыз аралығында «Денсаулық жолы - 2015» акциясы өтетіндігін назарларыңызға саламыз. Акция барысында құрамында облыстан келген кардиолог, окулист, онколог, фтизиатр, дерматолог, терапевт, УЗИ дәрігері бар мамандар тұрғындарды профилактикалық тексеруден өткізіп, кеңес береді. Анықтама нөмірі 2-10-73.

Аудандық саламатты өмір салтын қалыптастыру орталығы.

Жұртшылық назарына!

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалында аудан прокуроры, әділет кеңесшісі Қ.Жалғасов үстіміздегі жылдың 13 тамызы күні күндізгі сағат 10-12 аралығында қоғамдық қабылдау өткізеді. Өздеріңізді толғандырған сұрақтар болса келіңіздер. Алдын ала мына телефондарға хабарласуыңызға болады. 2-11-96, 8-771-824-44-24.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты

Халыққа қызмет көрсету салаларын жетілдіру, оның тиімділігін халық сұранысына сай үйлестіру сияқты маңызды бағыттар Елбасымыз белгілеген «Ұлт жоспары - 100 нақты қадамда» сараланған. Біз өз қызметімізді осы жаңа талап тұрғысында атқаруымыз керек.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы берген сәттен бастап - осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген күні және уақытта «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы құжаттарды тапсыру үшін күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт - 5 минут, қызмет көрсетуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт - 30 минут, осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес тестілеу бағдарламаларына байланысты тестілеудің ең ұзақ уақыты 2 сағат 20 минутты құрайды. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұманы қоса алғанда сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен 9-00-ден 18-30-ға дейін көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыда жеке басын куәландыратын және жеке сәйкестендіру нөмірі /бұдан әрі - ЖСН/ қамтылған құжаты болуы қажет. Құжаттардың қабылданғанын растау «электрондық үкімет» веб-порталында қалыптастырылған осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу күні, уақыты және одан өту орны көрсетілген қолхат болып табылады.

Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және немесе олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне /әрекетсіздігіне/ шағымдану тәртібі. Агенттіктің, көрсетілетін қызметті берушінің және немесе оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер

көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне /әрекетсіздігіне/ шағымдану үшін, шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не агенттік басшысының атына белгіленген мекенжай бойынша беріледі. Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе көрсетілетін қызметті берушінің немесе агенттіктің кеңселері арқылы қолма-қол қабылданады. Шағымның қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің немесе агенттіктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркелуі /мертаңба, кіріс нөмірі мен күні/ болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің немесе агенттіктің басшысына жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін жіберіледі. Көрсетілетін қызметті берушінің, агенттіктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар, мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызмет берушінің интернет-ресурсында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бөлімінде орналастырылған, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің мәртебесі және ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі мемлекеттік қызметтердің көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділігі режимінде алуға мүмкіндігі бар.

Э.ҚҰЛМЫРЗА,
аудандық әділет басқармасының
инспектор-іс жүргізушісі.

Тағайындау

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №555 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату» Қағидасының 58-тармағына сәйкес Сабыров Бағлан Шобанұлы аудан әкімінің 2015 жылғы 3 тамызы күнгі №115 өкімімен Ағыбет ауылдық округі әкімі болып тағайындалды.

САБЫРОВ Бағлан Шобанұлы

1982 жылы ОҚО, Бәйдібек ауданы, Майбұлақ ауылында туған. 2000 жылы Шымкент қаласы «ШГЭУ» қоғамдық қор колледжінің құқықтану факультетіне оқуға түсіп, 2002 жылы заңгер мамандығын алған. Жоғары білімді заңгер. Еңбек жолын 2007 жылы Түлкібас аудандық халыққа қызмет көрсету орталығында инспектор болып бастаған. 2008-2011 жылдарда Шымкент қаласында «Астана LRS» ЖШС-де заңгер, одан кейінгі жылдары Түлкібас аудандық сотында іс-жүргізуші, Түркістан қалалық сотының приставы, Алматы қалалық көмелет жасқа толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының маманы, Түлкібас ау-

дандық сотының жетекші маманы, аға сот жасаушы, Түлкібас ауданының әділет басқармасының жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау салаларының жетекші маманы қызметтерін атқарған. 2013 жылдан Бәйдібек аудандық әділет басқармасының заңды тұлғаларды тіркеу, зияткерлік меншік құқықтары салаларының бас маманы қызметін атқаруда.

Отбасылы.



Қазақстан Республикасы Конституциясына - 20 жыл

АТА ЗАҢ - МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ



Ағымдағы жылдың 30 тамызында тәуелсіз еліміздің Конституциясының қабылданғанына жиырма жыл толғалы отыр.

Конституция - /constitutio – латын сөзі белгілеу, орналастыру/ - мемлекеттің негізгі Заңы деген мағынада. Ол ең алдымен елдегі адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтарын жариялайтын, оларға көпіндік беретін, сол сияқты елдегі әлеуметтік құрылыстың негіздерін, басқару мен мемлекеттік құрылымның нысанын, орталық және жергілікті билік органдарының негіздерін, олардың құзыреті мен өзара қарым-қатынастарын, мемлекеттік рәміздерді және астананы айқындайтын өкімдік актілердің немесе конституциялық рәміздердің жиынтығы - барлық басқа заңдарға қатысты жоғары Заңды күшке ие заң немесе заңдар тобы.

1995 жылғы 30 тамызда өткізілген бүкіл халықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы конституциялық заңдарды тұжырымдап, бір арнаға келтірген Ата Заң, мемлекетіміздің негізгі Заңы болып табылады. Ол кіріспеден және 9-бөлімнен /98-баптан/ тұрады. Тәуелсіз, егеменді мемлекеттің жаңа Конституциясының кіріспесінде Қазақстан халқының бостандық, төндік мұраттарына адал екендігі паш етілді.

Жалпы ережелер деп аталатын 1-бөлімде /1-9-баптар/ Қазақстан Республикасының стратегиялық бағыты - оның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру жолында алатынына конституциялық тұрғыда негізделді, сондай-ақ, республика жүзеге асыратын қызметтің, негізгі принциптерін бекітті. Олар, қоғамдық келісім, елдегі саяси тұрақтылық, республика қызметінің экономикалық дамуға бағытталуы Қазақстандық патриотизм - отан сүйіштік, мемлекет өмірінің мейлінше маңызды мәселелерін демократиялық жолмен

шешу қағидалары, мемлекеттік биліктің біртұтастығы мен тармақтарға бөлінуі, оның тежемелік және тепе-теңдік жүйесі, халықаралық құқық принциптері мен нормаларын құрметтеушілік, күш қолданбау және күшпен қауіп төндірмеу қағида, ішкі іске араласпау қағида, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі, мемлекеттік рәміздер, республиканың астанасы айқындалған.

Адам және азамат деп аталатын 2-бөлімде /10-39-баптар/ адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары баянды етілген, азаматтық қатынастарды реттейтін нормалар мазмұндалған.

Президент /40-48-баптар/ деп аталатын 3-бөлімде президенттік басқару нысанындағы мемлекет болып табылатын Қазақстан Республикасындағы мемлекет басшысының немесе Елбасының мәртебесі мен құзырлы өкілеттігі жан-жақты сипатталған.

Парламент деп аталатын 4-бөлімде /49-63-баптар/ Қазақстан Республикасының Заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғары өкілді органы - қос палаталы /Сенат және Мәжіліс/ Парламенттің өкілеттігі, оның депутаттарын сайлау қағидалары және депутаттардың өкілеттігі, құқықтық жағдайы мен мәртебесі. Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызмет етуі, таратылуы негізделген.

Үкімет деп аталатын 5-бөлімде /64-70-баптар/ Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асыратын, атқарушы органдардың жүйесін басқаратын және олардың қызметіне басшылық жасайтын Үкіметтің өкілдігі, оның құзыретіне жататын мәселелер мазмұндалған.

Конституциялық кеңес деп аталатын 6-бөлімде /71-74-баптар/ Конституцияның құқықтық қорғауына арналған. Мұнда Конституциялық қадағалауды жүзеге асыратын Конституциялық Кеңестің мәртебесі, құзыреті, ұйымдастырылуы және қызмет ету тәртібі белгіленген.

Соттар және сот төрелігі деп аталатын 7-бөлімде /75-84-баптар/ мемлекеттік билік тармағының бірі болып табылатын тәуелсіз сот билігін жүргізу, сот төрелігін жүзеге асыру, сотта іс жүргізу нысандары сот жүйесі негізделді.

Жергілікті мемлекеттік басқару деп аталатын 8-бөлімде /85-89-баптар/ жергілікті өкілді және атқарушы органдардың тиісті өкімшілік - аумақтық бөліністері мемлекеттік өкімет органдарының /мәслихаттар мен өкімдердің/ жергілікті маңызы бар экономикалық және әлеуметтік мәселерді шешу же-

ндегі қызметі мен міндеттері баяндалған.

Қорытынды және өтпелі ережелер деп аталатын 10-бөлімде /90-98-баптар/ Конституцияны күшіне енгізу және 1993 жылғы Конституцияның қолданылуын тоқтату. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі айтылады және қолданыстағы Конституциялық институттар мен органдарды жаңаларымен ауыстыру тәртібі мен мерзімі анықталған немесе Конституция мәтініне түзетулер Республика Президентінің жеке бастамасы бойынша қабылданған шешімімен республикалық референдум өткізу жолымен не Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысы бойынша енгізілетін болып белгіленген.

Қазақстанның әр азаматы Қазақстан Республикасы Конституциясын, оның ішінде өз құқықтары мен міндеттерін бұлжытпай орындауға міндетті.

Алайда, нақты өмір ағымында негізгі заң талаптарын бұзушылық фактілері кездесіп жатады. Оның себептері де әртүрлі. Бірқатар азаматтар өз құқықтарын білмеуден сүрінсе, енді бір тұлғалар заң қағидаларын біле тұра оны бұзуға жол береді.

Қандай да болмасын тәртіп бұзушылық, басқа да қылмыс жасаған адамдар ақыры сот органдарының алдында жауап береді.

Мемлекетімізде қазіргі кезеңде қолданыстағы заң ережелерін орындамау Конституция баптарын бұзу деген сөз, өйткені Қазақстан Республикасында қабылданған заңдардың бәрі негізгі Заң Конституцияға сәйкестендірілген.

Конституцияның 75-бабында Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады деп көрсетілсе, 77-бабында судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен Заңға ғана бағынады делінген.

Олай болса аталған баптар мазмұны бір жағынан судьяларға мәртебе дәсек, екінші жағынан үлкен жауапкершілік деп түсіну қажет. Сондықтан да судьяларға қателесуге болмайды. Әртүрлі жағдайда сот алдында жауап беретін адамдардың ішінде өзінің Конституциялық құқықтарын білмейтіндері жиі кездеседі. Сондықтан барлық тұрғындарды, мектеп оқушыларын бастап, зейнеткерлерге дейін Еліміздің негізгі Заңы Конституцияны оқып үйренуге шақырғым келеді.

Сапаралы БӨЙТЕНОВ,
аудандық соттың судьясы.

Дүниеге келген күннен бастап, біз мемлекет қамқорлығындамыз. Сондықтан әрбіріміз Ата Заңымызда жазылған құқықтар мен бостандықтарды пайдалана аламыз. Мемлекеттің басты

Айбарым

байлығы - оның халқы. Көз келгеніміз «Мен Қазақстанның азаматымын» деп мақтанышып айтамыз. Бұл сөзді тек осы жерде тұрғандықтан ғана айтуға бола ма? Жоқ. Азамат дегеніміз - Отанын, өз ұлтының құндылықтарын қастерлей білетін, мемлекеттік заңдарды құрметтейтін адам.

Қазір өз елімізбен, яғни тәуелсіз Қазақстанымызбен мақтана аламыз. Әлемде көп ұлттың өкілі мекен ететін мемлекет біздің Қазақ жері екен. Халқы санынан бірінші орында тұрған Қытайдың өзінде саусақпен санарлық қана этностар өмір сүруде. Ал бізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс бір шанырақ астында, кең байтақ Қазақстанда ғұмыр көшуде. Ата заңымыз ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрінің, тілінің сақталуын қамтамасыз етуде. Мемлекеттік тілді білуге тиіссіз, бірақ өз тілінді ұмытпа. Біздегі өмір сүріп жатқан ұлттардың әдет-ғұрпы мен тілі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.

Биыл елімізде даталы мерекелер толы. Қазақстан Республикасы Конституциясына 20 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясына да 20 жыл толып отыр. Қос мерекенің мән-мағынасы ерекше. Тәуелсіз елімізде Ата заңның аясында тыныштық, тұрақтылық, достық пен татулық салтанат құруда. Елбасымыздың «Бір ел, бір тағдыр» қағидасының түп-төркіні де Ата Заңнан бастау алады. Біз бүгін жас мемлекетімізде конституциямыздың кемелдігін, бейбіт өмір сүруімізге көп екенін сезінудеміз. Өйткені Ата Заң біздің айбарымыз.

М.МАЙЛЫШЕВА,
«Шұғыла» балабақшасының тәрбиешісі.

Сіз білесіз бе?

жеке өзі немесе делдал арқылы пара алған адам қандай жазаға тартылады?

Сұрақ: Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, не оған төңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара берген адам қандай жазаға тартылады?

Жауабы: Қазақстан Республикасының қылмыстық Кодексінде 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ 367-бабында көрсетілген.

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған төңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру - мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет - мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның отыз еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байпасуымен;
- 2) ірі мөлшерде;
- 3) бірнеше рет жасалса, - мүлкі тәркіленіп, белгілі

бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның қырық еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалса немесе оларды қылмыстық топ жасаса, - мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамға бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сомасы немесе құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сыйлықты бірінші рет беру, егер осы адам жасаған әрекеттер (әрекетсіздік) алдын ала уағдаластықпен байланысты болмаса, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

2. Пара берген адам, егер оған қатысты осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адам тарапынан параны қорқытып алу орын алған болса немесе егер осы адам пара бергені туралы құқық қорғау органына немесе арнаулы мемлекеттік органға өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

А.ЖҰМАҒҰЛОВ,
Түркістан аймағы бойынша ауданаралық мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл басқармасының консультанты.

Еңбекшіл кәсіпкер



Мыңбұлақ ауылындағы «Қоңыр баба» шаруа шаруашылығының төрағасы, кәсіпкер Нұрдаулет Әкімбеков 2 гектар жерге жүгері, 6 гектар жоңышқа, 4 гектарға қарбыз және бақша дақылдарын өкті.

Кәсіпкердің айтуынша, бұл жерге 1995 жылы көшіп келген соң, Батыс-Қытай, Батыс-Еуропа жолындағы Арыс, Түркістан каналының бойында орналасқан 15 гектар жер алқабын иеленіп, еңбек етіп келеді екен. Осы 20 жыл ішінде халық сұранысына сай өнімдерді арзан бағада өткізіп, тұрғындардың ризашылығына бөленуде.

Суретте:
кәсіпкер Н.ӘКІМБЕКОВ өгістік алқабында.
Суретті түсірген М.САДЫҚБЕКОВ.

«Борышты өсімпұлсыз қайтар!»

акциясын өткізу туралы

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ «Борышты өсімпұлсыз қайтар!» атты акциясын өткізеді. 2015 жылғы 1 тамыздан 15 желтоқсанға дейін Қор алдында 2015 жылғы 1 тамыздағы мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушылар мен лизинг алушылар борышын өсімпұлсыз өтей алады. Қарыз алушы/лизинг алушы негізгі борышы мен сыйақысы бойынша мерзімі өткен берешегінің 100 пайызын төлесе, өсімпұл шығарылып тасталады. Толығырақ www.kazagro.kz/web/fond_saitynda немесе 8-8000-80-35-05 телефон бойынша (Қазақстан бойынша тегін).

Мақсатты топ - қарыз алушылар/лизинг алушылар - Қоғам алдында 2015 жылғы 1 тамыздағы мерзімі өткен берешегі бар жеке және заңды тұлғалар акция шеңберінде борышты өтеу қарыз алушы/лизинг алушының өтелетін қаржыны Қоғамның есептік шотына аудару жолымен өткізілуі мүмкін.

Акция өткізудің негізгі талаптары:

1. Қарыз алушылар/лизинг алушылар - Қоғам алдында 2015 жылғы 1 тамыздағы мерзімі өткен

берешегі бар заңды тұлғалар, оның ішінде ЖК, ШҚ, ФШ үшін - мерзімі өткен негізгі борыштың сомасы, мерзімі өткен сыйақының сомасы және мерзімі өткен негізгі борышқа есептелген сыйақы сомасын 100 пайыз өтеген жағдайда, өсімпұл шығарылып тасталады.

2. Қарыз алушы/лизинг алушы - Қоғам алдында 2015 жылғы 1 тамыздағы мерзімі өткен міндеттемелері бар жеке тұлғалар үшін - мерзімі өткен негізгі борыш сомасы, мерзімі өткен сыйақы сомасы, мерзімі өткен негізгі борышқа есептелген сыйақы сомасын 100 пайыз өтеген жағдайда өсімпұл шығарылып тасталады.

Акцияға қатысу үшін облыс орталықтары мен Астана, Алматы, Семей қалаларында орналасқан Қоғам филиалдарына шағымдану қажет.

А.БАБАЕВ,

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, Оңтүстік Қазақстан филиалы, Бәйдібек ауданы бойынша несие менеджері.

Жұртшылық назарына! Көшеге есім беру туралы

Шаян ауылындағы атауы жоқ көшеге Ұлы Отан соғысының ардагері Ақмолдаев Сыздықтың есімін беру туралы жиналыс 2015 жылдың 7 қыркүйегі күні «Жастар» орталығында өтеді.

ШАЯН АУЫЛ ӘКІМДІГІ.

Жер қайтарылды

Шаян ауыл округінің әкімдігі жеке кәсіпкер Руслан Байсейіт Сағатдиплаулы Шаян ауылы, Б.Қарашаулы көшесінің бойындағы орналасқан, кәсіпкерлік мақсатқа берілген 50,0 шаршы метр жер телімін және Толықбаева Гүлзина Амановна тамшылатып суару тәсіліне бау-бақша егу үшін берілген 31,5 га жер телімін мемлекет меншігіне қайтарғанын хабарлайды.

Жадымыздасың, әке



Өмірде перзент үшін асқар таудай пана болар екенін орны тым ерек екен. Бұл дүниенің жалған екенін жақынынан айрылғанда біледі екенсің. Әкеміз Өсербаев Асан Үсіпәліұлы арамсыздан мәңгілік мекеніне аттанғанда, көңіліміз құлазып сала берді. Алла аманаттаған ғұмырдың өлшеулі екенін білеміз, бірақ әр пенденің көңілі мәңгі өмір сүретіндей күй көшеді. Әкеміз жанымызда жүргенде медәуіміз, тірегіміз еді. Қаталдау сөйлесе еңсемізді тіктеп, еркелетсе жүрегіміз езіліп сала беретін.

Ол кісі ұзақ ауырды. Бірде енді жазылмайды деген ауруынан айықты, ауруды жеңді. Бұл да өмірге деген құштарлығынан болар. Бірақ, айықпас дерт араға жылдар салып, қайта қауырсымалады. Аурумен арпалысып жүрді. Жақсылықтан үмітін үзбеді. Арманы - үш ұлды аяқтандырып, ұяға қондыру болатын. Бірақ амал қанша. Бір кем дүние деген осы шығар.

Досқа адал, ағайынға құшағы айқара ашық өкеміз аудан мәдениетінің өркендеуіне сүбелі үлес қосты саналы ғұмырының 33 жылында. Біз мұны мақтанышпен айта аламыз. Жаны жайсаң азаматымыздың жатқан жері жарық болсын дейміз.

Өмірде өтер тарауын тармақтаған, Көнеді бойға салған салмаққа адам. Өзге өмірді паналап кеттің бе, әке, Өз жолыңды кеткендей арнап

маған.

Сізді іздейді соңында бес құлының, Сығымдайды көз жасын ардақты анам.

Сен жетелеп жөткізген жолда жүріп, Сен жөтпеген биікті қармап қалам. Талабыма сүйсініп отырушы ең, Қадамыма бақ тілеп, алға аттаған. Сүрінеміз жүзіліп, сынақ барда, Түңілеміз кейде өмір жылатқанда. Ұрпағың жөне де ел-жұртыңның, Орының бар жүрегіңде тұрақтарға. Біз үшін асқар таудай ардақты ең, Жаныңа нәсіп етсін жұмақты Алла.

Сағынышпен еске алушы ұлы
Жандос.

ЖЫЛДЫҚ АСЫ БЕРІЛЕДІ

Осы жылдың 16 тамызы күні /15-і қонақасы/ ардақты әке, асыл жар, немерелеріне сүйікті ата болған өкеміз Асан Үсіпәліұлының жылдық асы Шаян ауылы О.Жандосов көшесіндегі өз үйінде сағат 12-00-де беріледі. Қадірлі ағайын-туыс, құда-жеюжат, дос-жаран, өкеміздің қызметтестері бағыштап дұға ішінде болыңыздар.

ӨСЕРБАЕВТАР әулеті.

Сәбит Жолдасұлы ЖОЛДАСОВ

Ұлағатты ұстаз, Бәйдібек ауданының «Құрметті азаматы», Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Сәбит Жолдасұлы Жолдасов 75 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

С.Жолдасов 1940 жылы 4 қыркүйекте Бәйдібек ауданы, Борлысай ауылында дүниеге келді. Еңбек жолын орта мектептен соң 1957 жылы колхозда шопанның көмекшісі, астық дайындау мекемесінде жүк тасушы болып бастады. Кейінірек Шаян аудандық «Социалистік колхоз» газетінің тілшісі, Пионерлер үйінің директоры қызметтерін атқарды.

Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетін үздік дипломмен бітіріп, 1966-1974 жылдары Шаян ауданындағы «Борлысай» орта мектебінде, Шымкент қаласындағы Қ.Спатаев атындағы №7 орта мектепте мұғалім болды. 1975-1988 жылдары Қазақстан Компартиясы Шымкент облыстық комитетінің үгіт және насихат бөлімінде нұсқаушы, лектор, лекторлар бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1988-1993 жылдары Шымкент педагогикалық институтында доцент, жалпы тарих және Қазақстан тарихы кафедраларының меңгерушісі, тарих факультетінің деканы болды. 1993-2010 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының профессоры, Оңтүстік Қазақстан араб тілі институтының ректоры, Алматы шет тілдер және іскерлік карьера университетінің проректоры, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ректоры қызметтерін атқарды. 2011 жылдан бастап Оңтүстік Қа-

зақстан мемлекеттік педагогикалық институтында Қазақстан және әлем тарихы кафедрасының профессоры болып қызмет етті.

Сәбит Жолдасұлының ауданымыздың тарихын зерттеп жазған «Шежірелі Шаян тарихы» (2008 ж.), «Тарихы тңған Борлысай» (2011 ж.) атты еңбектері ғылыми ортаның лайықты бағасын алды.

С.Жолдасов 2010 жылы «Оңтүстік Қазақстан облысының үздік ғалымы» номинациясына, 2011 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантына ие болды.

Бүкіл ғұмыры қарапайымдылық пен парасаттылықтың, ал кісілік келбеті жастар тәрбиесінің үлгісі болған майталман ғалымның өзі дүниеден өтсе де артына қалдырған ғылыми және шығармашылық еңбектері қоғамның мол мұрасына айналмақ. Ұлттық идеологияны кеңінен насихаттап, мемлекет және өлке тарихын кейінгі буынға танытуда аянбай еңбек өткен ғалым, ұлағатты ұстаз, профессор Сәбит Жолдасовтың жарқын бейнесі жүрегімізде ұзақ сақталады.



Б.КӨШЕРБАЙ, С.СПАБЕКОВ,
А.ТЕМІР, Н.АЙТЕБЕКОВ,
Ж.ӘБІЛДӘБЕКҰЛЫ, Б.ТАСБОЛАТОВ,
Т.АРЫНБЕКОВ.

Қырық күндігі



Ұлы Отан соғысының ардагері, ауданның «Құрметті Азаматы», қамқор өкеміз, әулеттің ағасы Абдуллаев Мұсаның арамсыздан кеткеніне қырық күн толды. Ол 91 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Саналы ғұмырында барлық қиындықты көрген өкеміз 1942 жылы соғысқа өзі сұранып аттанады. Ел қорғауда Украина, Чехословакия, Румыния, Венгрия жерлерін жаудан азат етуге қатысып, жеңіс мерекесін Будапешт қаласында госпиталда қарсы алған. Соғыс аяқталған соң да Отанға деген азаматтық борышын жалғастырып, Германияда екі жыл, Венада 2 жыл техникалық авиация бөлімінде әскери қызмет атқарады. Туған елге 1949 келеді. Мұнда да бейбіт еңбекке араласып, аудандық баспаханада, аудандық ішкі істер бөлімінде, коммуналдық шаруашылық және телекоммуникация

мекемелерінде жауапты қызметтерді атқарады.

Бізге бейбіт өмір сыйлаған өкеміз Жеңістің 70 жылдығын көрді. Өмірден өткенше елдің тыныштығын тіледі. Отбасында марқұм болған анамыз Сәдеп екеуі 11 ұл-қыз өсірді. Олардан немере, шөбере, шөпшек көрді. Олардың ерқайсысына өкелік, аталық мейірімін аямаған жаны жайсаң жан еді, топырағы торқа, мәңгілік мекені жайлы болсын дейміз.

Жүрегіңнен мейірім нөрі құйылып, Тұрушы еді жанарыңда күн күліп. Ғұмыр бойы бізге бақыт тіледің, Төңір берсін о дүниенің жарық қып, - деп еске аламыз ардақты өкемізді сағынышпен.

Осы жылдың 13 тамызы күні /12-сі қонақасы/ сағат 13-00-де Өкеміз Абдуллаев Мұсаның рухына бағышталатын қырық күндік асы өз шаңырағында беріледі. Қадірлі ағайын-туыс, құда-жеюжат, дос-жаран ниетке ортақ болыңыздар.

АБДУЛЛАЕВТАР әулеті.

Жарамсыз деп танылсын

Тұрмыс-1 жалпы орта мектебін 2011 оқу жылында бітірген Сейітқұл Абзал Мұхтарұлының атына берілген МОБ №0342170 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

«Өмірбек-Нұржау» шаруа шаруашылығының төрағасы Жамантай Бескембірдің атына жер пайдалануға берілген мемлекеттік актісі /кадастр нөмірі №19-286-001-170, №19-286-001-171, №19-286-001-172, №19-286-001-173, №19-286-001-174/ жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

1991-1992 оқу жылында Н.Крупская атындағы орта мектебін бітірген Ерболатова Жанардың атына берілген серия А №048353 орта білімі туралы аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Аудан әкімдігі мен мәслихат депутаттары, аудандық ардагерлер кеңесі ауданның «Құрметті Азаматы» ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Сәдібеков Ұласбекке қарындасы

Гүлсара СӘДІБЕКҚЫЗЫНЫҢ ауыр науқастан қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аудан әкімдігі мен аудандық мәслихат депутаттары, ардагерлер кеңесі облыстың, ауданымыздың «Құрметті Азаматы» Әбілдәбек Шардарбековке қызы

Гүлсара СӘДІБЕКҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аудан әкімдігі мен мәслихат аппараттары аудан әкімінің орынбасары Жазылбек Әбілдәбекұлына әпкесі

ГҮЛСАРАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аудан әкімдігі мен мәслихат аппараттары, аудандық ардагерлер кеңесі тарихшы ғалым, профессор

Сәбит ЖОЛДАСОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Сәдібеков Ұласбекке қарындасы

ГҮЛСАРАНЫҢ

ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық «Алғабас» газеті редакциясының ұжымы Парламент Мәжілісінің депутаты Сәдібеков Ұласбекке қарындасы

Гүлсара СӘДІБЕКҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық «Алғабас» газеті редакциясының ұжымы белгілі тарихшы ғалым, профессор, газетіміздің белсенді авторларының бірі болған

Сәбит ЖОЛДАСОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Денсаулық - басты байлық

Сарып – еңбекке қабілеттілікті ұзақ мерзімге жоғалтуға әкеп соғатын жұқпалы ауру, оны тудырғыш - ұсақ бруцелла бактериялары. Сарыппен барлық ауыл шаруашылық малдары, көбінесе қойлар, ешкілер, ірі қара мал және шошқалар ауырады. Адамдар сарыпты қойлар мен ешкілерден жұқтырған кезде аурудың ауыр түрде өтуі байқалады.

Аурудың жғу жолдары:

Ауру әсіресе айналасындағылар үшін мал іш тастағанда, қозылағанда, бұзаулағанда және торайлағанда қауіпті, өйткені төлмен, оның қабығымен, шуымен, сондай-ақ сүтімен, зәрімен және қиымен көп мөлшерде сарыптың жұғуын тудыратын микробтар бөлініп шығады. Осы микробтар топырақ, су, жем, сүт және басқа да сүт өнімдерін ластайды, әрі ұзақ уақытқа дейін сақталады.

Ауру малды күткен адамдар ластанған қолдарын жумай тамақтанғанда, темекі шеккенде, сонымен қатар тамаққа сарыппен ауырған малдардың әсіресе қой мен ешкінің шикі сүтін және брынзаны қолданғанда жұғады. Қоздырғыш ас қорыту жолдары, тері және сілекейлі қабықтағы жарақаттар, сызаттар және басқа да зақымданған жерлер арқылы ағзаға түседі.

Аурудың жасырын кезеңі 14 күнге созылады. Ағзаға ауру жұққанда лимфа бездері, бауыр, көкбауыр ұлғаяды. Сарыптың жіті түрі – 2 айға дейін және жартылай жіті түрі 2 айдан 4 айға дейін және созылмалы түрі 2 жыл, одан да ұзақ мерзімге созылады.

Сарыптың белгілері: Адамның қызуы көтеріледі (39-40С), бас ауруы пайда болады, ұйқы, тәбет бұзылады, бауыр, көкбауыр ұлғаяды, әсіресе түнде қалтырайды және шамадан тыс төрлейді, бірнеше күннен немесе аптадан кейін бас ауруы және тізе, жамбас, балтыр, иық, сирек жағдайда шынтақ буындарының домбығуы пайда болады. Буын пішіні және кескіні өзгеріп, оны қоршаған жұмсақ тіңдер қабынады және ісінеді. Буын-

ның айналасындағы тері қабыршақтанады, кейде бөртпе пайда болады. Кей кездері барлық ауырсынғыштық белгілері тез қайтады, бірақ біраз уақыттан кейін ауру қайтадан асқынады. Адамдар сарыппен апталап, айлар бойы ауруы мүмкін, бұл мүгедектікке немесе ұзақ уақыт еңбекке жарамсыздыққа жеткізеді. Сарыптың көріністері тұмау, жіті респираторлық ауру, туберкулез, ревматизм, ішек және бөртпе сүзектеріне ұқсас келеді. Неғұрлым емдеуді ерте бастасаңыз, соғұрлым ерте толық сауығатыныңызды есте сақтаңыз.

Сарыптан сақтану жолдары:

Сарыпты емдеуден гөрі алдын алу біршама жеңіл,

САРЫП - ҚАТЕРЛІ АУРУ

сарыптың адамға жұғуын болдырмау үшін алдымен малдардағы осы аурумен күресу қажет. Малдардағы сарып ауруы анықталған шаруашылықтар келесі ережелерді сақтаулары тиіс:

- Жануарлардағы әрбір іш тастау фактілерін жергілікті мал дәрігерлеріне хабарлау;
- іш тастаған малдарды дереу басқа малдан оқшаулау;
- барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, іш тастау кезіндегі (абортталған) төлді зерттеу үшін мал дәрігерлерінің ілеспе құжатымен бірге ветеринарлық зертханаға жеткізу қажет;
- шуды, төл жатқан, мал туған жердегі төсенішті айырма жәшікке салып, алдын ала 20% хлорлы әк ерітіндісі (1 шелек суға 2 кг әк) құйылған 1,5 метрден кем емес тереңдіктегі шұңқырға көму;
- іш тасталған орынға, жәшікке, айырға сіңдірілген немесе хлорлы әк ерітіндісін көп мөлшерде құйып тастау;

- сарып микробтары көп болғандықтан іш тасталған кездегі (абортталған) төлдің терісін сыпырмау;

- сарыппен ауырған малдарды күту кезінде арнайы киімдерді – халат, резеңке қолғап немесе биалай, етік кию;

- ауру малдарға арналған жайларда темекі шегуге тамақтануға болмайды, етікті қидан тазартып, оларды лизол немесе креол ерітіндісімен жуу керек. Арнайы киімді шешіп, қолды алдымен лизолдың немесе креолдың 3 пайыз ерітіндісімен немесе қышқылды марганец-калийдің әлсіз ерітіндісімен жуып, одан кейін қолды мұқият сабындап жуу қажет;

- еденді тазалау және қайтара залалсыздандыру;

- жұмыс киімімен тұрғын үйге кірмеу;

- жаңадан туған төлді үйге кіргізбейді, себебі онымен сарып микробтары тасымалдануы мүмкін;

- ауру малдардың шикі сүтін ішпеу және сатпау керек, мұндай сүтті 70 градусты 30 минут қыздыру (пастерлеу) немесе қайнату қажет;

- сарыппен ауырған малдың етін асып немесе жақсылап қуырғаннан кейін ғана тамаққа қолдану қажет;

- малдарды сатып алған кезде мал дәрігерден тексерілгендігі және сарыппен ауырмайтындығы туралы куәлікті талап ету;

- іш тастағаннан кейін төлді иттерге тамақ ретінде беруге тиым салынады;

- аулалардан және басқа да рұқсат етілмеген орындардан күдік туғызатын, арзан ет-сүт өнімдерін сатып алудан бас тартыңыздар;

- мал шаруашылығы өнімдерін тек ветеринарлық-санитарлық жағынан қатаң бақыланатын және өнімдерді сақтау мен сатуға арналған барлық жағдайлар жасалған сауда желілерінен, ұйымдастырылған базарлардан ғана сатып алу қажет.

А.КӨЛБАЕВА,
АСӨСҚО медбикесі.

Вирустық гепатиттер – гепатиттің вирустары қоздыратын адамға қауіпті жұқпалы аурулар тобы, бірінші кезекте адамның бауырын зақымдайды. Гепатиттің ең көп тараған белгісі терінің және көздің ағының сарғаюы болғандықтан, оны көбінесе сары ауру деп атайды. Сары аурудың эпидемияларын біздің дәуірден бұрын V ғасырда Гиппократ сипаттаған, ал гепатиттің қозғаушысы тек өткен ғасырдың ортасында ғана ашылды. «Гепатит» деген ұғым қазіргі медицинада тек қана дербес ауруларды ғана белгілемейді. Гепатит немесе бауырдың қабынуы сары ауру қызбасының, қызамықтың, шықтың, ЖҚТБ және кейбір басқа аурулардың белгісі. Сонымен қатар, уланудан болған гепатит бар, оның мысалы, ішімдіктің салдарынан бауырдың зақымдануы.

Вирустық гепатиттер ауырлығына байланысты ауыр, орташа ауырлықтағы және жеңіл түрлері болып бөлінеді.

А гепатиті немесе Боткин ауруы – ол вирустық гепатиттің ең кең тараған түрі. Аурудың жасырын кезеңі (залалданғаннан бастап, гепатиттің бірінші белгілері байқалғанға дейін) 7 күннен бастап 50 күнге дейін созылады. Ауру әдетте жоғары температурамен басталады және кейбір белгілерімен тұмауға ұқсайды. 2-4 күн өткеннен кейін аурудың зәрі қоңырланады, сыраның немесе қою шәйдің түріндей болады. Аурудың ұзақтығы бір жұмадан 1,5-2 айға дейін, ал аурудан кейін қалыпқа келу уақыты жарты жылға дейін созылуы мүмкін.

Вирустық гепатиттердің ішінде А гепатиті болжам бойынша жеңіл түрі болып саналады. Аурудың салдары ауыр болмайды, көбіне ауру өздігінен емдеусіз аяқталады. Қажет болса А гепатитінің емі ауруханада ойдағыдай жүргізіледі. А гепатитімен ауырған кезде диета ұстау, төсекте жату керектігі ұсынылады, арнаулы ем-дом және гепатопротекторлар – бауырды қорғайтын дәрілер тағайындалады.

А гепатитінің өзіндік таралу жолдары – тұрмыстағы адамдар арасындағы қарым-қатынас және вирустармен залалданған тамақ пен суды қолдану арқылы таралады. Сонымен бірге кір қол арқылы берілетіндіктен А гепатитімен көбіне балалар ауырады. А гепатитінің алдын алудағы негізгі шара гигиеналық норманы сақтау. Сонымен қатар балаларға вакцинация жасауды ұсынамыз.

Гепатит В немесе қан арқылы берілетін гепатит өте қауіпті ауру, бауырды қатты залалдауымен сипатталады. В гепатиті қан, жыныстық қатынас арқылы және анадан іштегі балаға жұғады. Әдеттегі жағдайда В гепатиті Боткин ауруы сияқты дене қызуының көтерілуінен, әлсіздіктен, буындардың ауруынан, жүректің айнуы және құсудан басталады. Мынадай белгілердің болуы мүмкін: зәр түсінің қоңырлануы және үлкен дәреттің ағаруы. Денеге бөртпе шығуы мүмкін, бауыр мен көкбауыр ұлғаяды. В гепатитінде сарғаю өте сирек кездеседі. Бауырдың зақымдануы ауыр болуы мүмкін және қиын

жағдайларда цирроз бен қатерлі ісік ауруына шапдырады. В гепатитін емдеу кешенді көзқарасты талап етеді және оның стадиясына, ауырлығына байланысты ем қолданады. Емдеу кезінде иммундық препараттар, гормондар, гепатопротекторлар (бауырды қорғайтын дәрі-дәрмек), антибиотиктер қолданылады. В гепатитінің алдын алу үшін нәрестелерге бір жасқа толғанша вакцинация жасату керек.

С гепатитімен ауыратын адамдардың шамамен 70-80%-ында аурудың созылмалы түрі дамиды. Оның ең үлкен қаупі – цирроздың пайда болуына себепкер болады және қатерлі ісікке әкеліп соқтыруы мүмкін. С гепатиті басқа да вирустық гепатиттермен организмде біріге жүрсе аурудың жағдайы көнет төмендейді, аурудың барысы асқынады және өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін. Гепатиттің бұл түрінің қауіптілігі, қазіргі кезде сау адамды С гепатитін жұқтырудан қорғай алатын нәтижелі вакцинация жоқтығы.

Гепатит D, D гепатиті немесе дельта-гепатит вирустық гепатиттердің басқа түрлерінен айырмашылығы вирустың адам организмінде жеке өніп-өсе алмайтындығы. Ол үшін «көмекші вирус» В гепатитінің вирусы керек. Сондықтан дельта-гепатит дербес ауру деп есептелмейді, ол И гепатитін асқындыратын серіктес – ауру. Бұл екі вирус, ауру адамның организмінде қатар өмір сүргенде, аурудың ауыр түрі пайда болады, оны дәрігерлер супержұқа деп атайды. Бұл аурудың барысы В гепатитінің барысына ұқсайды, бірақ аурудың асқынуы жиі кездеседі және аса ауыр болады.

Е гепатитін жұқтыру, аурулардың жалғыз ғана тобына – босанар алдындағы әйелдер үшін өте қауіпті. Бұл аурумен ауырған әйелдердің өлім-жітімі 40%-ға дейін болады, ал ішіндегі баласы өлі туылады.

Г гепатиті – вирустық гепатиттердің тобындағы соңғы өкіл, өзінің белгілерімен С гепатитіне ұқсайды. Ол қауіпті емес, С гепатитіне тән жұқпалы процестің өршуінен болатын цирроз бен қатерлі ісік G гепатитінде пайда болмайды. Егер екеуі үйлессе ғана циррозға әкелуі мүмкін.

Бұндай жұқпалы әрі қауіпті вирустарды жұқтырмас үшін алдын ала қорғану шараларын біліп жүріңіз: жеке бас гигиенасын сақтау, қайнатылған немесе өз шөлмеңіздегі суды ішу, тамақ ішер алдында, дәретханадан кейін, серуендеп келгеннен кейін қолыңызды жууды әдетке айналдырыңыз.


Қоғамдық гигиенаны сақтау: әдейілеп бөлінген жерде суға шомылыңыз, шомылған кезде суды жұтпаңыз. Ашық су айдындарынан, өзеннен алған суды ішуге, тамақ жасауға және ыдыс-аяқ жууға қолданбаңыз. Көкөністер мен жемістерді қолданар алдында жақсылап мұқият жуыңыз.

Сіздің денсаулығыңыз өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз.

Аудандық саламатты өмір салтын қалыптастыру орталығы.

ГЕЛЬМИНТОЗДАР - ПАРАЗИТТІК АУРУЛАР

Аудан бойынша гельминтоздармен 14 жасқа дейінгі балалар жиі ауырады. Осы сырқаттардың ішінде ең көп кездесетіні – энтериобиоз. Ауру көзі тек адам ғана болады. Көбіне энтериобиоз балалар мекемелерінде, балабақшаларда, мектептерде, балаларды сауықтыру лагерьлерінде, қоғамдық бассейндерде жұғады. Жұмыртқалар тік ішектің қатпарларына тұрып алады да әсіресе түнгі мезгілде қатты қышытады. Кесел жұққаннан кейін екі аптадан соң аш ішектің төменгі бөліктерінде личинкалар үлкен еркек және ұрғашы острицалар болып дамиды. Еркек острицалар әдетте өліп қалады, ал ұрғашылар



көтен ішекке дейін түсіп, көбіне адам ұйықтап жатқанда көтен тесігі арқылы сыртқа шығады. Ұрғашы острицалардың өмір сүру ұзақтығы 1 айдан 3,5 айға дейін. Алайда адамның ауруды үнемі жұқтыруы есебінен ауру ұзаққа созылуы мүмкін. Жеке бас тазалығын сақтамаған жағдайда, бала көтен тесігі аумағын қасыған соң лас қолын аузына салып, ауруды басқа адамдарға және өзіне қайта жұқтыруы мүмкін. Острицалардың жұмыртқалары төсек орнында, ішкімде, кітаптарда, есік тұтқаларында, кілемде, қолда ұзақ уақыт сақталады.

Сырқаттың белгілері:

аурудың айқын белгісі көтен ішек тесігі аумағының қышуы. Қышу көбіне түнде қозады, оған балалардың да, ересектердің де шыдауы қиын. Балалардың кейбірі түнде тістерін қышыратады. Іш ауырады, ал тамақ жеген кезде ауру кіндік аумағында пайда болады. Тәбеті нашарлайды және салмағы азаяды, өйткені тағам өнімдерінің сінуі және қорытылу процестері бұзылады. Тері және шырышты қабаттары бозарады.

Алдын-алу шаралары:

балалардың бойында жеке бас тазалығын сақтау, тырнақты алып тұру және қолын аузына салу әдетінен арылту, іш киімді күнде ауыстыру және балаға әсіресе қыз балаларға күн сайын дәрет алдырту. Балалардың күнделікті дәміне жеміс-жидек пен көкөністі пайдалану әсіресе, ішекті гельминттерден тазартуға септігін тигізетін сәбізді, сарымсақты, асқабақ дәндерін молынан қосу қажет. Балаларда энтериобиоз белгілері анықталған жағдайда, қатынаста болушыларды диагнозды нақтылау және ем өдісін анықтау үшін, сондай-ақ басқа балаларға острицаларды жұқтырудан сақтандыру үшін дәрігерге жіберу керек.

П.МЕКЕНБАЕВ,
аудандық ТҚҚБ басшысы,
бас мемлекеттік санитариялық дәрігері.

Жұмыспен қамту-2020 жол картасы

Бағдарламаның биылғы орындалу барысы қандай?

«Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасының бірінші бағыты - «Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде құрылатын жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жәрдемдесу». Міне, осы бойынша биыл Бәйдібек ауданының мәдениет саласына қарасты төрт нысанды күрделі жөндеуге 65,3 млн. теңге қаралған. Олар Шақпақ ауылдық клубына 9,0 млн. теңге, Шыбыт ауылдық клубына 18,9 млн. теңге, Екпінді ауылдық клубына 19,7 млн. теңге, Көктерек ауылдық мәдениет үйіне 17,7 млн. теңге қаржы бөлініп, бүгінгі таңда құрылыс жұмыстары басталып кетті.

Аталған нысандарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 46 азамат уақытша жұмыспен қамтылуы керек болатын, оның ішінде 23 азамат «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» арқылы жұмыспен қамтылуы тиіс деп жоспарланған, бұл бойынша жұмысшылар жолдамамен жіберілуде.

Яғни, 2015 жылдың алты айында бағдарламаның бірінші бағыты бойынша мердігерлермен 2015 жылдың 26 маусымында келісім шарттар түзіліп, күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы шілдеден бастап 7 азамат жоғарыда аталған нысандарға уақытша жаңа жұмыс орындарына жолданды. Қазіргі уақытта бұл жұмыстар жалғасын табууда. Жалпы үстіміздегі жылдың алты айында «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасына азаматтарды қатыстыру жоспары 479 деп жөделенсе, соның ішінде жоспардан тыс 683 адам бағдарламаға тіркеліп, соған сай жұмыстар жүргізілуде. Атап айтар болсақ, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар 227 азаматты құрады, қазіргі таңда жұмыссыздар саны 456 азамат, аз қамтылған азаматтар 40 азамат болып отыр.

Бағдарламаның екінші бағыты - «Ауылдағы жеке кәсіпкерлік бастаманы қолдау және тірек ауылдарды көшенді дамыту есебінен ауылда кәсіпкерлікті

дамытуға жәрдемдесу арқылы жұмыс орындарын құру». Бұл бойынша 2015 жылдың алты айында өз ісін ашу мен өз кәсібін кеңейту мақсатында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы Оңтүстік Қазақстан облысының филиалы арқылы жалпы 31 азаматқа 72,6 млн. теңге шағын несиелер бөлінді. Оның ішінде өз кәсібін ашу мақсатында 29 азаматқа 66,0 млн. теңге, өз ісін кеңейту мақсатында 2 азаматқа 6,6 млн. теңге жұмсалды. 2015 жылдың алты айында осы несиелер азаматтар 20 азаматты тұрақты жұмыспен қамтыды.

Бағдарламаның үшінші бағыты - «Жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу». Үшінші бағыт бойынша ағымдағы жылдың алты айында тұрақты және уақытша жұмыс орындарына жіберу жылдық жоспары 655 азамат болса, нақты орындалғаны 420 азамат немесе 64,1 пайыз. Оның ішінде бос жұмыс орындарына жұмыспен қамту 364 азаматты, мемлекеттік және аймақтық дамыту бағдарламалар бойынша жұмыспен қамту 56 азаматты құрады. Соңғы алты айда аудандағы 9 кәсіпкерлік субъектілерімен (ЖК, ШҚ, ЖШС, ӨК) келісім шарт түзіліп, 27 азамат әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілді.

Жастар практикасы бойынша 25 жас маман жастар практикасынан өтуге 19 мемлекеттік мекемелер мен шаруашылық субъектілерге жолданды. «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы бойынша биыл 27 мүмкіндігі шектеулі азаматтар қатыстырылды. Оның ішінде 17 азамат тұрақты жұмысқа, 2 азамат әлеуметтік жұмыс орындарына, 3 несиеленген кәсіпкерлер қарамағына, 3 азамат ақылы қоғамдық жұмыс орындарына және 2 азамат жастар тағылымдамасынан өтуге жолданды.

Қ.АХМЕТОВА.

“Мезгіл” ақпарат интернет басылымының редакторы.

Аудан тұрғындарының назарына!

Жазғы шомылу кезінде өсіресе жас балаларыңызға сақ болуларыңызды сұранамыз. Осыған байланысты суда жүзудің қарапайым ережелерін естеріңізге саламыз.

Белгісіз жерде суға секіру қауіпті – баспен тасқа, су түбіне, тағы да басқа нәрселерге соқтығысып қалып, мойын омыртқаларын үзіп алуға, өс-түстөн айырылып қалу немесе өліп кету қаупі бар. Суға плотондардан, қайықтардан және басқа жүзу құрылғыларынан секіру қауіпті. Су астында ағаш, рельс, темір, бетон, сынған шынылар болуы мүмкін.

Тек арнайы дайындалған орындарда ғана суға секіруге болады.

Тік бұрылысты, жарлы және өсімдіктер өскен жағалауларда шомылуға болмайды. Бұл жерлерде су түбіне әр түрлі ағаш қалдықтары және өсімдіктер жиналып қалуы мүмкін. Анда-санда құмды су түбі ұйықты болып келеді, ол жүзе алмайтындарға қауіпті. Су түбіндегі өсімдіктерге оралып қалсаңыз, жылдам қозғалыс және ырғу жасамаңыз. Арқа бетіне жатып, жымсақ, салмақты қозғалыспен суға келген бағытқа қарай жүзіңіз. Ал егер де оралған өсімдіктерден шыға алмасаңыз аяғыңызды жаймен көтеріп, қолмен оралған өсімдіктерді ажыратыңыз. Жүзіп келе жатқан қайықтарға жақын жүзуге болмайды.

Суға танышқан адамға көмек көрсету:

Тұншығып бара жатқан адамға

жүзу құралын лақтырыңыз, көмек шақырыңыз.

Тұншығып жатқан адамның шашынан немесе қолтығынан алып, бетін жоғары қаратып, өзіңізді ұстауға мұрша бермей жағаға қарай жүзіңіз. Жағада зардап шеккенді ішіне бүгілген тізеге қарай жатқызып (зардап шеккеннің басы төмен қарап тұруы керек) бет орамалмен, салфеткамен мұрынды және тыныс алу жолдарын тазалап, кеуде бөлігіне қысым көрсету арқылы тыныс алу жолдарын судан тазартыңыз.

Тыныс алу орталығының паралич су астына кеткен кезде 4-6 минут өткеннен кейін, ал жүрек жұмысы 15 минутқа дейін созылуы мүмкін екенін естеріңізден шығармаңыз. Сондықтан алғашқы медициналық көмек тез арада көрсетілуі керек.

Тыныс алу қалыпқа келтірілгеннен кейін зардап шеккенге ыстық сусын беріп, жылы етіп қымтап, мүмкіндік болса емдеу орталығына жеткізіңіз. Жақсы жүзуді білу – бірден бір қауіпсіздік кепілі. Суда жүзу шебері де суда жүзуші де үнемі қауіпсіздік ережелерін, тәртіпті, қырағылықты сақтауы керек. Осындай қарапайым ережелерді естен шығармаңыздар.

Ж.ҚОСПАНОВ,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, өртке қарсы қызмет подполковнигі.

Мал азығының мол қоры жасақталуда



Бөген ауыл әкімдігі Екпінді ауылында мал азығының қорын молынан жасақтау үшін науқандық жұмыстар жалғасын табууда. Қазір шаруалар өгістік алқапта сабан тайлауда. Тайланған сабанды да, бос түрінде де алушылар қатары көп. Өйткені сабан ірі қара малға қыс мезгілінде таптырмайтын азық. Бұл мал азығына көрші аудандандардан тапсырыс берушелер көп.

Алдағы қысқа сақадай сай дайындалып жатқан екпінділік шаруаларға, еңбек жемісті болсын дейміз.

Суретте: науқандық жұмысқа белсене қатысып жүрген ауыл жастары Е.Қалымбетов, ағайынды Мұхтаровтар тайланған сабанды арту үстінде.

Суретті түсірген: М.КӨТТЕБЕКҰЛЫ.

Жылжымайтын мүлік құжаттарын рәсімдеу қажеттілігіне тап болғанда, меншік иесі мынадай құжатқа көзге: техникалық төлқұжат рәсімдеу процедурасы қалай жүзеге асырылады? Жылжымайтын мүлік нысанының техникалық төлқұжатының бар болуы жылжымайтын мүлік нысан иесінің мәртебесін растау үшін қажет. Ол құжатсыз сату, жалға беру және көпінге беру мүмкін емес.

Техникалық төлқұжат – бұл үйдің физикалық күйін көрсететін ақпараттық-анықтамалық құжат. Техникалық төлқұжатта үй-жайдың ауданы, бөлмелердің саны, үй-жайдың қабырғалары қандай материалдан жасалғаны туралы мәліметтер, барлық техникалық және сәйкестендіру сипаттамалары көрсетілген.

Техникалық және сәйкестендіру сипаттамаларын анықтауға бағытталған және техникалық төлқұжатты алуға қажетті жұмыстар алғашқы және кейінгі бақылауға бөлінеді.

Алғашқы бақылауға жаңа жылжымайтын мүлік нысандары жатады. Оның нәтижелері бойынша техникалық төлқұжат жасалады.

Кейінгі бақылау жылжымайтын мүлік нысанының сәйкестендіру және техникалық сипаттамаларының өзгеруі немесе қайта жабықтау жағдайында жүргізіледі. Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы «Жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспортты беру» мемле-

жаттар тізімі ХҚКО ұсына-тын құжаттармен бірдей, тек электрондық үлгіде ұсынылады. Қызметті көрсету мерзімі жылжымайтын мүлік объектісінің түріне байланысты:

1) пәтерге, жатақханадағы бөлмелерге техникалық паспорт 3 жұмыс күні ішінде беріледі.

2) жеке тұрғылықты үйлерге, жеке гараждарға, саяжай құрылыстарына техникалық паспорт 7 жұмыс күні ішінде беріледі.

3) Жалпы алаңы 1000 шаршы метр жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық паспорт 10 жұмыс күні ішінде беріледі.

4) жалпы алаңы 1000 шаршы метрден асатын жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық паспорт 20 жұмыс күні ішінде беріледі.

5) Осы қызметті рәсімдеген кезде тұтынушы техник мамандармен байланысқа шығуы және олардың үйге бару уақыты жөнінде келісіп алуы үшін деректерді дұрыс көрсетуі қажет.

А.ҚЫДЫРБЕКОВ,
аудандық ХҚКО-ның инспекторы.

ТЕХНИКАЛЫҚ ПАСПОРТТЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ

кеттік қызметті алу үшін тұтынушыда өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс: жеке куәлігі және жылжымайтын мүлік объектісінің құқығын анықтайтын құжаттар. Қызмет – ақылы. Төлем өтініш берген кезде және дайын техникалық паспортты алған кезде қызметтің базалық құны түрінде жүргізіледі.

Сонымен бірге бұл қызметті Электрондық Үкімет порталында, Халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ өз компьютеріңізде отырып алуға болады. Ол үшін тиісінше ғаламторға шығып, порталға тіркелу керек және өзіңіздің электрондық-цифрлық қолтаңбаңыз болуы шарт. Құ-

Бақылау-касса машиналарын қолдануды міндеттейді

ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің арнайы хатына, Салық кодексінің 645-бабының 1-тармағына сәйкес 2015 жылдың 1 шілдесінен бастап, бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны, алкоголь өнімін көтерме немесе бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушіні беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолдануды міндет-

тейтін (бұдан әрі – беру функциясы бар БКМ) норма күшіне енетінін хабарлайды.

Осы норманы жүзеге асыру мақсатында:

- беру функциясы бар БКМ техникалық талаптар бекітілді (2014 жылғы 29 қазанда №431 ҚР ҚМ бұйрығымен бекітілді);

- фискалдық деректердің операторы болып «Қазақтелеком» АҚ анықталды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №1393);

- БКМ деректерін беру және сақтау, қабылдау тәртібі туралы бұйрық бекітілді;

- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тиісті функциялармен БКМ үш жаңа түрін тізбеге енгізу туралы бұйрық тіркелді.

З.БАТЫРБАЕВА,
аудан бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығының бас маманы.

“Алғабасқа” 80 жыл

Қайсыбіріміз болмасын жаңадан жұмысқа қабылданып, ол жерде атқаратын қызметіміздің қыр-сырына қанығып, үйренгенше қызықты оқиғалардың кейіпкері боламыз. Басшыдан жиі ұрыс естіп, сөгіс алып жатасыз. Сол білместігің мен тәжірибесіздігіңнен кеткен қателіктерді уақыт өткен соң, еске алып, «солай болған» деп рахаттана күлетініңді кінәлі болған шақта ойыңа да алмайсың. Қателік жасап, уайым түскенде уақыт жылжымай тұра беретін секілді көрінеді емес пе? Бірақ, адам баласының өмірінде құмсағаттай сырғып өтетін уақыттан жылдам ешнәрсе жоқ секілді. Алғаш редакцияға келіп, корректорлықтан кейін әдеби қызметкерлік жұмыс жүктелгенде бұрын-соңды жазу-сызудан хабары жоқ маған жеңіл тиген жоқ. Қазір сол жылдардағы газет тілшілерін ақтарып отырсам, қателіктерім тайға таңба басқандай сайрап тұр. Оқи отырып, еріксіз езу тартасыз.

ТІРІЛЕРГЕ ҚҰРАН БАҒЫШТАП...

1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімен қазақтың біртуар перзенті, тұңғыш геолог Қаныш Сәтбаев жылы атанды. Осыған байланысты таулы ауылдағы Қ.Сәтбаев орта мектебінде ғалымның 100 жылдығы, сол мектептің іргетасы қаланғанына 60 жыл, мектепті бітірген түлектердің 35 жылдығы қатар аталып үлкен іс-шара ұйымдастырылды. Осыған орай мені Алмалы ауылына іссапарға жіберді. Салтанатты жиында сол кездегі мәслихаттың хатшысы, марқұм, әрі осы мектептің түлегі С.Бейсебаев ағамыз көң көлемде баяндама жасады. Оқылған баяндамада мектептің іргетасын қалаған, өмірден өткен ұстаздардың есімдері аталды. Баяндаманы тыңдап, қағазға жазып алып отырдым.

Мақала дайындадым. Ол «Қаныш тойы» деген тақырыппен жарық көрді. Дүйсенбі күні лездемеде редактор газеттің көлесі нөмірін жоспарлаудан емес, өңімені менен бастады.

- Әй, сен қыз масқара қылдың ғой, екі күн демалыста телефонға тыным болмады. Аудан әкімдігінен, мәслихаттан телефон шалды. Тірі адамды өлді деп беріпсің. Масқара болғанда сенің құран бағыштағаның Ұлы Отан соғысының ардагерлері. Енді не деп ақталамыз, - деп тоқтаусыз төпелеп жатыр.

Сөйлеуге тіл жоқ. Қалай қателескенімді өзім де білмеймін. Мақалада қайтыс болған адамдардың қатарына

көзі тірі екі ардагерді қосып жазып, жиын соңында ас, беріліп аты аталған аруақтардың рухына құран бағышталды деп жазыппын.

Біраз үнсіздіктен соң Ерөскен ағай:

- Сен ол кісілердің аты-жөндерін қайдан алдың? - деді.

- Баяндама оқылып жатқанда жазып отырдым, - деймін.

- Олай етуге болмайды. Баяндама оқылып болған соң, сұрап алу керек еді, - дейді ағай аспай-саспай.

Редактордың ашуы басылмайды.

- Ерөскен, Бидеке не істейміз, не деп жауап береміз, - деді.

Ондайда саусақтарымен үстелді тықылдатып отыра-

**Еріксіз езу
тартқызатын қателіктер**

тын Бидайбекағай:

- Сөке, бұл қыз оңбай қателесіпті ғой. Сөгіс беріңіз. Газеттің көлесі санына тілшіге шара көргенімізді айтып, ардагерлерден көшірім сұрайық, соның өмір жастарыңыз ұзақ болады екен деп жұмсартайық, - деген Бидекеңнің уәжіне тоқтады шығармашылық топ.

Сонымен газеттің көлесі нөмірінде «Көшірім сұраймыз» деген тақырыппен Ұлы Отан соғысының ардагерлері, мектептің байырғы ұстаздары Үсіпәлі Әсербаев пен Мақұлбек Бердалиевтен редакция ұжымы көшірім сұрап, тілшіге басшылық тарапынан шара көрілгенін, соның өмір жастарыңыз ұзақ болады екен деген тілекпен түйіндеді. Бұл менің есімнен кетпейтін қателігім болар дегенмін... Бірақ...

КЕМПІРІ КЕТІП ҚАЛҒАН...

Жеңістің 65 жылдығы мерекесінде газет тілшілеріне барлық ауыл әкімдіктеріндегі ардагерлердің үйіне барып, суретке түсіру, мақала жазу тапсырды редакторымыз.

Іссапарды Боралдай ауыл атырабынан бастадық. Бізді ауыл әкімінің орынбасары Серік Досалиев алып жүрді. Амансай ауылындағы Ұлы Отан соғысының ардагері Құрбан Сөйітовтің үйіне барып, ардагермен жүздестік. Ардагердің күтімі жақсы екені бірден байқалды. Жеке бөлмесі тап-таза. Үйіндегі келіні мен баласы құрақ

ұшып жүр. Құлағы ауырлап қалған ағамыз қойған сұрағымыздың бірін естісе, бірін естімейді. Өңгіме арасында: - Ардагер ағамыздың кемпірі көрінбейді ғой, ол кісі қайда? - дедім. - Кемпірі кетіп қалған, - деп қолын сілтеді Серік ағай. Сонымен Амансайдан жасы тоқсанға жуықтаған, кемпірі жоқ, ардагер атаны алақандарына салып, мөпелеп отырған үйдегі баласы мен келініне риза көңілмен аттандым.

Кезекті нөмірде ардагер жайында мақала жарық көрді. Мақаланың соңында «Құдай қосқан қосағы өмірден өткеніне бірнеше жылдың жүзі болған Құрбан ағамыз өсірген ұл-қыздарының ортасында, перзенттерінің аман-дығын, елдің тыныштығын тілеп ғұмыр көшуде» деп аяқтаппын келіні мен баласына риза болғаным соншалық.

Бір-екі күннен соң Серік ағай телефон шалады.

- Эльмира, құрттың, құрыдық. Амансайлық ардагер Құрбан Сөйітовтің кемпірін өлтіріп қойыпсың. Ұл-қыздары ұлардай шулап, ауыл әкімдігіне ренішін айтып жатыр, - деді өрт тигендей өңгілігі.

- Ағай, кемпірі кетіп қалған деген өзіңіз емес пе? - деймін мен де.

- Ойбай, Сайрамға қыздарына қыдырып кеткен ғой? - дейді Серік ағай шыр-пыры шығып.

- Ағай сіз де қызықсыз қыдырып кеткенді де солай айта ма? Қазақта жаман нәрсені жанамаалап айтады ғой, мен сіздің «кетіп қалған» деп қол сілтегеніңізді солай түсіндім, - деймін кінәлі болуға көліспей. Соңынан «Редакторға айтып қойған жоқсыз ба?» - дегенді де ұмытпадым.

- Жоқ. Өзіңе телефон шалып отырмын, - дейді ол кісі де шарасыздықтан.

Басшының білмегені де қорқынышты көңілімді орнына түсіргендей болды.

Ақыры өз өзіме келіп, ойымды жинақтап:

- Ағай, турасын айтпай, жұмбақтап айтқан сіз де, жазған мен де кінәлімін, өзіңіздің ауылыңыздың адамы, Құрбан ағамыз кемпірі жеңгеніз екен. Жағдайды ушықтырмай, өзіңіз реттеңіз. Менің атымнан да көшірім сұраңыз, - дедім. Көпке дейін не болар екен деп қуыстанып жүрдім. Боралдайдан қайта телефон шалынған жоқ. Бірақ, біршама уақыт өткен соң, басшымызға кіріп болған жайды өзім айттым, кінәмді мойындап. Ардагер Құрбан ата жетпіс жылдыққа жетпеді. Бірақ ағамыз ұл-қыздарының ортасында екен. Ұзақ ғұмыр көшсін. Мұны Серік ағайдан сұрап тағы да бір пысықтап алдым.

Эльмира АЯПБЕКҚЫЗЫ.

Мұғалімдердің тамыз мәслихаты қарсаңында

Оқулықпен 100% қамтылады

Әне-міне дегенше жаңа оқу жылының уақыты да таяп қалды. Баласы мектеп табалдырығын аттаған ата-анаңның көңілін алаңдатар жәйт бірінші кезекте оларға қажетті мектеп құралдарының ішіндегі оқулық мәселесі. Жыл сайын кейбір оқулықтардың жетіспейтіні рас. Биыл бұл мәселе қалай жолға қойылуда? - деген сауалымызға аудандық білім бөлімінің кітап қоры жөніндегі әдіскері Баян Жүнісова былай деп жауап береді:

- Ауданымызда 2015-2016 оқу жылына мектеп оқушыларының оқулықтары және оқу-әдістемелік көшендерін сатып алуға 42 миллион 12 мың теңге қаржы жергілікті бюджеттен бөлінді. Биыл 4,5,6 және 11-сыныптарға арналған оқулықтарға сұраныс беріліп, «Атамұра», «Алматыкітап», «Мектеп», «Білім», «Келешек», «Кәмбридж» кітап баспаларымен келісімшарт жасалып, тапсырыс берілген болатын.

Бұдан бөлек, 5,6 - сыныптардың технология пәніне, 11-сыныптың екі бағыты бойынша және Елбасымыздың «Мәңгілік ел», «100 нақты қадам» тұжырымдамалары аясында өзірленген 1-сыныптарға сыйлық ретінде арналған «Менің Отаным - Қазақстан»

атты кітаптарына тапсырыс беруге жергілікті бюджеттен қосымша 15 миллион 166 мың теңге бөлінді.

Оқулықтар төрт жылда бір рет қайта басылады. Бұл жаңарту деген сөз. Жаңа оқулықтарға тапсырыс беру жыл басынан, яғни ақпан айында жобаланады. Оқушының саны нақтыланып, бюджеттен қаржы қарастырылады. Бір айта кетерлігі, тапсырыс жыл басында нақтыланған бала санына берілген соң, оқу жылы басталғанда қаладан ауылға, ауылдан ауылға немесе бір мектептен екінші бір мектепке ауысып оқитын оқушылар болады. Сонымен қатар жаңадан көшіп келгендер де кездеседі. Міне осы жағдайда кейде оқушы саны артып, кітап жетіспеушілігі осыдан туындайды. Бірақ, оқулық жетіспеушілігі орын алмайды. Өйткені бұл жағдайда мектепшілік ауысу әдісін пайдаланамыз.

Бүгінгі таңда тапсырыс берілген оқулықтардың 97,5 пайызы жеткізілсе, қалған тапсырыстар 15 тамызға дейін толықтырылады, - дейді. Жалпы биылғы оқу жылында оқушылар 100 пайыз қажетті оқулықтармен қамтылады деп күтілуде.

Э.ЖАМАШОВА.
«Алғабас».

Еліміз 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болды. Бүгінгі Қазақстан елі дүние жүзіндегі көптеген елдермен достық қарым-қатынас орнатқан өлемге танымал елге айналды.

Қазақстанның тұңғыш рет өз Ата Заңы қабылданды. Тәуелсіздік

туы, көк байрағы желбіреп, асқақтаған Өнұраны шырқалуда. Қазақстанның жаңа Астанасы күннен күнге жаңарып гүлденуде. Бүгінде Егеменді тәуелсіз Қазақстанды бүкіл өлем таныды.

Осы орайда №1 жалпы орта мектеп-интернатының 1«б» сынып оқушыларымен тәрбие сағатын өткізген едім. Сатыбақтың мақсаты - Отанды сүйуге, қастерлеуге, туған елін, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Еліміздің рәміздерін қастерлеуге үйрету. Тәуелсіз, бейбіт ел туралы ұғындыру. Оқушыларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа, елінің мұрасын жалғастырушы азамат болуға тәрбиелеу.

Шара ҚР Өнұранымен басталып, арнайы көрнекіліктер таныстырылды. Тәрбие сағатының тақырыбы «Менің Отаным, менің болашағым» деп аталғандықтан, Біздің Отанымыз қалай аталады?

Оқушылар, біз қандай елміз? Отанымыз қандай? деген сауалдар қойылып, балалар жауаптарын берді. Содан соң сөзжұмбақ жасырылып және «Кім жүйрік?» ойыны ойналды. Сонымен қатар оқушылардың танымдық кезқарастарын арттыру үшін еліміздің құрылу тарихы арнайы таныстырылды.

болып бекітілді. Бүгінгі Астана - азат елдің бас қаласы.

Астана кеше ғана басқа қала, Айналды бөйтеректі Астанаға.

II топ. Қазақстан - қазақ елі, қашаннан ата-бабамыз қоныс еткен жер. Қазақ жері - ұлан байтақ. Жер көлемі жағынан дүние жүзінде 9 орында тұр. Жерінің кеңбайтақ болуына байланысты. Қазақстан мөлдір көлдерге, қайың мен көк теректі ормандарға, кең алқапты жазық далалы жерлерге бай. Қазақстанның жер қойнауынан барлық қазба байлықтар кездеседі.

III топ. Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып, 1992 жылы 4 маусымды Мемлекеттік Рәміздер - Ту, Елтаңба, Өнұран бекітілді. Сөйтіп 4 маусым "ҚР Мемлекеттік рәміздер күні" болып белгіленді.

Тәрбие сағатының соңында балалар тақырыпқа байланысты кеңінен пікірлесіп, «Атамекен» әнін хормен орындады.

М.БАХЫТ,
№1 жалпы орта мектеп-интернатының 1 «б» сынып жетекшісі.

Менің — Отаным болашағым



Үш топқа бөлінген оқушылар Астана туралы қазақ жері, рәміздер туралы төмендегі деректерді келтіре пікірлерін айтты.

I топ. Отанымның жүрегі, Тәуелсіздік тірегі. Жеріміздің кіндігі, Халқымыздың бірлігі - Астана. Қазақстанның жаңа бейнесі, жарқын келбеті.

Астана - 1997 жылы 10 желтоқсанда Тәуелсіз еліміздің астанасы



Мен қазақы үрдіс, мейлі салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың қай-қайсысы болмасын Елбасы Н.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастыра отырып, оған ешуақытта бөле-жара қарағым келмейді. Неге десеңіз, егер біз мәңгі ел болып қалыптасамыз десек, онда бірінші кезекте дініміз бен діліміз, тілімізден өш уақытта көз жазып қалмауымыз керек. Содан соң «Әр елдің салты басқа...» демекші, өзіміздің қанымызға сіңген ата салт-дәстүрлерімізден қол үзіп қалмауға

тиіспіз. Егер дәл бүгінгідей батыстың өуеніне төңкеріліп кете беретін болсақ, онда мәңгілік ел, мәңгілік қазақ ұлты болып қалуымыз өкіталай.

Мәңгілік ел болып қалу үшін ұлттық намыс, ар-ождан, имандылық пен инабаттылық бірінші орында тұруы қажет. Дәстүр, үрдіс ол біздің қанымызға сіңіп, о бастан берік қалыпта-сып келе жатқан ұлттық бетбейне, түр-тұлғамыз. Сондықтан біздің қанымызда бай ең асыл қасиеттеріміздің бір үрдісі ол – жетімін жылатып, жесірін қаңғыртпау. Олай болса осы ата-дәстүр, тамаша үрдісімізді осы кейінгі ұрпақ толықтай сақтап келе жатырмыз ба? Жоқ. Жетімімізді жылатпақ түгілі ішімізден шыққан өз перзентіміздің өзін кесек-кесек етіп кескілеп, қоқыс

ҚАЗАҚЫ ҮРДІС ҚАНҒА СІҢГЕН ҚАСИЕТ

жәшігіне тастаудамыз.

Иә, ілгеріде ата-анасынан айрылған балаларды ағайын, туыстары не болмаса нағашылары асырап алып, оларды өз перзенттерінен артық күтіп-бағып, барын туған балаларынан бұрын солардың аузына тосатын. Киімдерін де бүтіндеп, қатарынан қалдырмауды мақсат ететін. Бұл үлкен жанашырлық, бауырмашылдық пен имандылықтың белгісі. Бала асырап алу оңай шаруа емес. Ол үшін ыстық пен таза жүрек керек.

«Патронаттық тәрбие - ата-ана қамқорлығынан айрылған балаларды белгілі бір мерзімге тәрбиелеуге ниет білдірген отбасыларға беру» деп түсіндіреді Шымкенттегі №3 балалар үйінің директоры Қ.Қожамжарова. Бұл дегеніміз түбегейлі тәрбиеге жатпайды. Уақытша ғана тірлік. Дұрыс-ақ, баланы асырап алғандығы үшін бюджеттен бөлінетін ақша ол сол отбасының экономикалық жағдайы үшін өте қажет. Оған дау жоқ. Ал, баланы асырап алудағы басты мақсат – ол қазақ қанындағы жанашырлық сияқты асыл қасиеттің басымдығынан туындайтын адал қамқорлық. Онсыз баланың келешегі бұлыңғыр. Ол кім болсын, егер баланы асырап алушының жүрегінде балаға деген ыстық сезім мен шынайы жанашырлық болмаса бәрі бекер.

Бұл жерде қазақы үрдістің түп-төркіні мен мақсат-мүддесін толық түсініп және оған ешқандай да сызат түсірмеуіміз керек. Ол үшін әрбір алушының әсіресе, бала асырап алушының бойында ерекше мейірім-шапағат болғаны жөн. Сүйіспеншіліктің деңгейі жоғары, жүректен алар орны мөп-мөлдір таза болуы шарт. Ал біздер қандаймыз?

Асырап алған бала тұрмақ, өз перзентін атып салып, бауыздап кетіп жатқандарды көз көріп, құлақ естуде. Енді асыранды баланың жағдайын айтпай-ақ түсінуге болады.

Бұдан он бес-жиырма жыл бұрынғы мына бір оқиға өсіме түсіп отыр. Сол кездегі облыстың бірінші басшысы өкіл әке болу идеясын тастағаны сол, жер-жердегі аудан мен ауылдағы басшылар бұл ұсынысты лезде қабыл алып, жарыса іске асыра бастады. Негізінен, асыраушысынан айрылған жетім-жесірлер мен елеуметтік тұрмыс-тіршілігі өте төмен отбасылардың балалары үшін осы идея қажет пе дейсің?! Себебі осы аталған жандарға үлкен көмек болар еді.

Ал, қазақы үрдісімізде өкіл әке болудың міндеті мен жолы өте ауыр. Бұл шешім көп ойланып, мол жауапкершілікті талап етеді. Бастаған соң соңына дейін жеткізіп, ер азаматқа тән қайсарлық көрсеткен абзал. Шариятқа кері әрекет жасап, тастап кетіп, баланың жүрегін жаралау деген үлкен күнә. Әкінішке орай, бала асырап алуды мықтап қолға алған сол кездегі аудан басшылары тағы да екі-үш балаға дейін өкіл әке болу міндетін үсті-үстіне тапсырып жатты. Бұл мәселе ауданда жаппай науқанға ұласып, біздер ойымыз бен пікірімізді айтқан едік. Нәтижесінде айтқанымыздай болып, облыстың әлгі басшысы қалай ауысты, солай «өкіл әкелеріміз» сөзін жұтып, уәдені ұмытып шыға келді.

Қысқасы, қазақы үрдіс пен дәстүр ол қызбалық пен науқаншылдықты қажет етпейді. Байып пен байсалдылық, ақыл мен тұрақтылық, намыс пен ыждахаттылық және сонымен бірге ұлтжандылық, жылы жүректілік пен мейірімділікті қажет етеді. Сондай-ақ, намыс жоғары болуы шарт. Сонда ғана біз мәңгілік ел, дәстүрі мен өз ана тілі бар нағыз қазақ ұлты болып қалыптаса аламыз.

Серікбай ТҰРЖАН.
Журналист.

Ол кісі “ұят болады” дейтін

/Әке рухымен тілдесу/

Тағдырдың жазуына шара бар ма? Жоқ екен. Мұны әкеміз Әбдуаситұлы Шүкірлла 67 жасында өмірден озғанда түсіндік.

Ардақты әкеміз 1938 жылы дүниеге келіп, 2005 жылы қайтыс болды. Өзіңізді сағына еске алумен арада 10 жыл да зымырап өте шығыпты. Елден жырақта жүрген ұл-қыздарыңыз перзенттік парыздарын өтеуді мақсаттап туған жерге келіп, өзіңізге арнап ас беруді ниет етіп отыр.

Осы хабарды естігелі өзіңізбен бірге өткен өмір жолдары көз алдымнан тізбектеліп өте берді. Тұла бойы тұңғышыңыз, ата-әженің қызы болғандықтан, сізді көке деп атадым. Сіз де мені еркелетіп Рәуаш деп мейірлене иіскеп, құшағыңызда ұзақ қысып, мандайымнан сүйген сәттерді қалай ұмыттайын. Менің көкем қандай жан еді, соңында көлер ұрпақ үшін қандай із қалдырды? Осы сұрақтар мені жиі толғандыратындықтан, қолыма қалам алуды жөн санадым.

Әбдуаситұлы Шүкірлла ұзақ жылдар бойы мұғалім болып еңбек етіп, талай шәкірттің бағын аша білген ұлағатты ұстаз, өз ісінің нағыз маманы еді. М.Әуезов, В.Ленин/қазір Шаян көпсалалы лицей/ мектептері мен аудандық оқу бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі лауазымын абыроймен атқарған әкеміз ортасына сыйлы, көпшілік құрметіне бөленген, жас маман ұстаздарға тамаша тәлімгер де бола білді. Ешуақытта шаршамайтын, туралық пен адалдықты ту етіп, қолынан келгенше кімге болса да көмек қолын созуға даяр тұратын. Ол кісінің кішіпейіл мінезінен өмірі өнегелі өрілді десем артық айтпаймын. Бауырынан ербіген жеті ұл-қызды қатарынан кем етпей бағып-қағып, оқытып, үйлі етті. Оның тәлім-тәрбиесі – біздердің бүкіл ғұмырымызға бағыт, жол сілтеуші темірқазық болып қала береді.

Көкемің жиі айтатын сөзі «Ұят болады!». Осы сөзде әрбіріміз үшін қаншалықты тәрбиелік қасиет бар екендігіне бүгінде өзіміз балалы болғанда көзіміз жетуде.

Денсаулығыңызға байланысты ерте зейнеткерлікке шықсаңыз да тыным таппай еңбектенуді жалғастыра бердіңіз. Менің өсімде қалғаны, совхоз басшылары өтініш айтты деп Жамбылға барып, бау егіп, жүзім, алма бағын көркейтуге қанша тер төктіңіз. Міне, көке, сіздің соңыңызда үлкен еңбекпен басталған сол жеміс бағы қалды. Иығыңызда – кетпеніңіз, қолыңызда – қаламыңыз, аузыңызда – иманыңыз. Сіздің сол бейнеңіз жүрегімізде мәңгі сақталады.

Сырқаттанып жүрсеңіз де қолға қағаз, қалам алып, туған жер тарихынан, ата-бабалар өмірінен сыр шертетін баға жетпес зерттеулер жаздыңыз. Жастарды имандылыққа, туған жерді сүйуге, оның тарихын танып, бағалай білуге шақырдыңыз. Осы қасиеттеріңізден туған еңбектеріңіз яғни мол ізденіспен жазылған «Арманда кеткен арыстар», «Шаяндық әзиздер туралы деректер», «Әулиелер кереметі хақ» атты кітаптарыңыз таусылмас қазына болып қалды. Ізденімпаздығыңыз бен талапшылдығыңыз жеті тілді еркін меңгеруіңізге жетеледі емес пе?! Орыс, өзбек, тәжік, парсы, араб, ағылшын және мамандығыңыз неміс тілдерінде сөйлегеніңізде, осы тілдерде шығармалар оқығаныңызда сізді білетіндер таңырқайтын да отыратын әрі құрмет тұтатын.

Көке «Адамның қандай екенін досына қарап таны» - дегендей, достарыңыз, бірге еңбек еткен замандастарыңыз еріксіз тізбектеліп, олармен жарқырай жүргеніңіз кешегідей көз алдымда. Жолдастарыңыз Мият Бекшалов, Молдатай Өтенбеков, Нәсіпбек Жолдасов ағайлар біздерді өз ұл-қызындай көрді, жылы сөздерін аямаушы еді. Кеңесте – Ағабек, Тұрақтыда – Қабыл, Алғабаста – Сейдалы деген достарыңызбен мақтанып отыратынсыз. Оларды әркез құрметтеп, әзілдесіп, тіпті өлең де шығарып бергеніңізге қарап, қаншалықты достыққа адал екеніңізді аңғаратынбыз. Мыңбұлақтағы Мәлік атты жолдасыңызға жазған өлең жолдары



сарғайған жазба дәптеріңізде сақталыпты.

Елуден кеттік асып, алда алпыс ойласаңыз,

Біз де үлкен асудан шығып қаппыз.

Бақытымызға бала-шаға аман болса,

Біз өнді бұрынғыдай қинал-маспыз.

Бұрынғы өткендерге ой жіберсек,

Кешікпей біздерге де көлер кезек.

Қалжигіт, Әлайдар мен Жаппар қайда?

Арамыз қалған жоқ па әлден сиреп, - деп өзіңіз жырлағандай, қа-

тарластарыңыз санаулы-ақ қалыпты. Қызметтес болған Ә.Патсаханов бастаған К.Көпбаев, Ә.Пәрменов, А.Қатбаев ағайлардың еңбек жолы кейінгі ұстаздарға үлгі-өнеге болуда.

«Халық ағарту ісінің үздігі», «Аға мұғалім» атағын иеленген әкем Әбдуатов Шүкірлланың республикалық, облыстық және аудандық білім беру бе-



лімінен алған мақтау қағаздары, медальдары өткен еңбегінің жемісіндей.

Көке! Өзіңіз туралы айта бергім келеді, жырлағым келеді...

Әке өзіңнен бар өмірім гүл ашқан,
Нұрын шашып, деңгеленіп тұрды аспан.
Өкелік сенің мейіріміңнің аясы,
Өміріме таусылмас ағын, жыр дастан.
Шексіз ғалам, мейіріміңе сыйғандай,
Бар рахымын әлемнің бойға жиғандай.
Мейірленіп, бауырыңа қыссаң «қызым» деп,
Бақыт мәңгі төріме шығып тұрғандай.
Күншуақ боп арта берсін берекем,
Мейіріміңмен шуақ болып деме сен.
Ұл-қызыңды желеп-жебеп жүре бер,
Таусылмас нұр шапағатты, жан әкем! - деп сағынышқа толы хатымды аяқтаймын.

Соңыңызда қалған аяулы жарыңыз, анамыз Рахия 74 жасқа табан тіреп отыр. Әлі тың, тынымсыз. Жас күнінде ұзақ жылдар байланыс торабында оператор маманы болып жұмыс істеп, қазір зейнетте. Әулеттің ақылман қариясы анамыз түтініңізді түзу ұшырып, жиырма немере мен сегіз шөберенің мейірімді әжесі болып отыр. Осы береке мен ынтымақта ұйып отырған жанұясына қарап анам «шіркін, қасымызда әке, аталарың болғанда, осы қызықты тамашалағанда ғой» деп бір күрсініп қояды. Өттен...!

Еске алушы: қызыңыз Рәбия АБДУАТОВА.

АСҚА ШАҚЫРАМЫЗ

Әкеміз Әбдуатов Шүкірлланың дүние салғанына 10 жыл толуына орай ас беріп, рухына дұға бағыштағалы отырмыз. Өзімен қызметтес болған жора-жолдас, дос-қаран, құда-жеюкат, ағайын-туысты құран ішінде болуға шақырамыз.

Еске алу асы 16 тамыз күні сағат 12-00-де Шаян ауылындағы «Қанағат» дәмханасында беріледі.

Асқа шақырушылар: жұбайы және ұл-қыздары.